

## **7. Абонементпен жұмыс жасау.**

7.1. Оқырмандар кітапқа тапсырыс беріп, кітап алу үшін «Оқырман формулярына» толтырып берілген тәртіппен алады.

7.2 Ғылыми еңбектер бір айға дейін мына тәртіппен беріледі:

- 10-15 данадан профессор-ұстаздарға, ғылыми қызметкерлерге, докторанттарға, магистранттарға;
- 10-данадан жоғарғы курс студенттеріне;
- 5 - данадан басқа категориядағы оқырмандарға;

7.3 Оқулықтар және осы жылдық күнделікті баспалар 3 данадан 15 күнге беріледі.

7.4. Оқу программасына және жоспарына қарай оқулықтар семестрге не оқу жылына байланысты беріледі.

7.5 Аз мөлшердегі басылымдар оқырмандардың барлық категориясына 1 - 14 күнге дейін беріледі. Берілетін уақыты оқырман кітапшасына жазып, кітапханашы белгілейді.

7.6. Егер оқырмандардың сұранысына қажеті аз кітаптарды, құжаттарды, не басқалай баспа туындыларын жаздыртып алған жағдайда, олардың уақытын белгіленген тәртіппен ұзартып алуға болады.

7.7 Талапкерлер, арнайы факультативті тыңдаушылар және басқа ЖОО – ның студенттері мен ұстаздарына кітапхана залын пайдалану үшін проректордың рұқсатымен жіберіледі.

7.8 Уақытында қайтарылмаған оқулық үшін оқырман 1 күнге 1 оқулық үшін 200,00 теңгеден, екінші күннен бастап 100 теңгеден айып пұл төлеуге тиіс.

7.9 Айып пұл төлеу арнайы журналға тіркеліп, қол қоюмен жүзеге асырылады.